

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ



1, 4

МҰНАЙШЫЛАР САЯБАҚ СЫЙЛАДЫ



5

ЖИЗНЬ, ДОСТОЙНАЯ ПОДРАЖАНИЯ



7



Embi ТЫНЫСЫ

№17 (101)

ҚАЗАН

2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ



Жуырда «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Солтүстік Қотыртас кен алаңында өрт сөндіру және тактикалық әрекет ету бойынша оқу-жаттығу шаралары ұйымдастырылды.

Солтүстік Қотыртас кен алаңындағы №75 ұңғымасында орын алған өрт салдарынан күйік шалған аталған кен орнының зерттеу цехының операторына дәрігерге дейінгі жедел медициналық көмек көрсету жұмысына цех басшылары мен жұмысшылары, басқару аппаратының қызметкерлері, Төтенше жағдайлар департаментінен өртке қарсы қызметі, «Медикер-ӨМ» ЖШС, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС, «Кәсіби Әскерлендірілген Авариялық-Құтқару Қызметтерінің Республикалық Орталық Штабы» ЖШС «Ақ Берен» Атырау филиалының 89 маманы бір кісідей атсалысып, 32 арнаулы техника жұмылдырылды.

(Басы Жалғасы 4-бетте)



Еленген еңбек

ЕМБІЛІКТЕР ЖОҒАРЫ МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ

Жуырда Астана қаласында – KAZENERGY Қауымдастығы алаңында саланың өндірістік-қоғамдық жетістіктеріне еңбек сіңірген мұнай-газ және энергетика кәсіпорындарының қызметкерлерін марапаттау салтанатты рәсімі өтті. Олардың қатарынан ембіліктер де табылып, мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Ембілік ардагер Мәлік Көптілеуов пен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Балмаш Жақсыбаева «Құрмет орденімен», «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру Ақінген кен орны бригадасының 4 разрядты операторы Дүйсенбай Күзекенов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталды. Сала ардагерлері мен мамандарына марапаттарын KAZENERGY қауымдастығының Төрағасы Тимур Құлыбаев табыстады.

- Мұнай-газ саласы заңды түрде экономиканың флагманы болып табылады және бұл жерде сіздердің еңбектеріңіздің де үлесі бар, - деп атап өтті Т.Құлыбаев.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген KAZENERGY қауымдастығының төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВ мұнай және энергетика саласы қызметкерлерінің алған жоғары мемлекеттік наградалары Қазақстан экономикасының қалыптасуы мен дамуындағы энергетика саласының жетекші рөлін мойындаудың айғағы екеніне тоқталды. Сонымен қатар, салтанатты шарада Тимур Асқарұлы 2022 жыл мерейтойлық жыл болып саналатын бірқатар ірі компаниялардың ұжымдарын атап өтті.



Марапат

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның елордадағы кеңсесінде өткен Республика күніне арналған салтанатты жиында компанияның бірқатар қызметкерлері мемлекеттік және ведомстволық наградаларға ие болды.

«Қазақстанның Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктеріне еліміздің әр азаматының үлесі бар. Ел экономикасы өндірістегі мамандарымыздың арқасында қарыштап дамыды. Еңбек адамының тынымсыз тірлігі мен күш-жігері еліміздің өркендеп өсуіне, іргесі берік мемлекет болып қалыптасуына себеп болды. Отаншылдық – туған еліңнің игілігі үшін қызмет етуді білдірсе, жыл мезгілін таңдамай, аптап ыстық пен аязды қыстың суығына қарамастан, өндірісте міндетін мүлтіксіз орындайтын мұнайшылар қауымы – еліміздің нағыз жанашыр азаматтары», - деп атап өтті М.Мырзағалиев.

Ол биылғы жыл отандық мұнай саласы үшін елеулі оқиғаларға толы болғанын, тарихы терең өнеркәсіп «Ембімұнайгаз» ғасырлық тойын атап өткенін және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының құрылғанына 20 жыл толғанын айтты.

ҚМГ басшысы «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін Сейітқасым Оспановқа («ҚазТрансОйл» слесарі), Рахымжан Жанғабыловқа (Атырау МӨЗ бас инженері), Нағима



Мадиековаға (ҚМГ бас маманы), Болат Бегжановқа («Өзенмұнайгаз» көлік департаментінің директоры) табыстады.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жұмысшы мамандықтары арасында 3-6 қазанда Қызылордада ақтық кезеңі өткен дәстүрлі байқаудың жеңімпаздары «Үздік маман» төсбелгісімен, еңбегімен көзге түскен өзге де мамандар алғыс хаттармен марапатталды. Салтанатты шараға аталмыш сайыстың жеңімпаздары атанған ембілік мұнайшылар да қатысты.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының үздік ұңғымаларды зерттеу операторы Абылайхан Жұмағазиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу бойынша үздік бригада мүшелері - Әлібек Мырзағалиев, Әнес Мұханбетов, Өтеулі Алағөзов, Тұрлан Меликеевтер «Үздік маман» медалімен марапатталды.

Әріптестерімізді құттықтаймыз!

Жаңа технология

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимаратында жаңа Диспетчерлік талдау орталығының (ДТО) ашылуы өтті.

Жаңа орталықта «мұнай және өңделген мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау, өңдеу, маркетинг» бойынша ақпаратты қамтитын цифрлы платформа жасақталған. Ол ҚМГ қызметінің барлық бағыттары бойынша деректерге мониторинг жасауға, бақылауға, талдауға, сақтауға, жинауға және өңдеуге мүмкіндік береді.

«Бүгін ақпаратты жедел, бірыңғай орталықтан алуға мүмкіндік беретін жаңа Диспетчерлік талдау орталығын іске қостық. Бұл бізге жедел ақпарат сапасын және ашықтықты арттыру арқылы ҚМГ активтерін басқару тиімділігін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді», - деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Сондай-ақ орталықтың талдау жүйесі Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарында өндірісті басқаруға арналған ақпараттық жүйемен интеграцияланған. Бұл кәсіпорындардағы жаңа технологиялық мониторинг жасауға, жедел диспетчерлік

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ДИСПЕТЧЕРЛІК ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ



жағдайына онлайн басқаруға және өнімнің технологиялық материалдық балансын мониторинг жасауға жүргізуге мүмкіндік береді.



25 қазан- Республика күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде салтанатты шара өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан ұжымды мерекемен құттықтап, 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация Қазақстанның тәуелсіздікке жасаған қадамының құқықтық негізі болғанын еске салды. Сондай-ақ, Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинова, бас технолог Марат Елеусінов құттықтап, мерекелік шарада табысты еңбектерімен ерекшеленген еміліктер марапатталды.



МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ



«Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен:

Жалғасбай Сисенғалиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының машинисі;

«Самұрық-Қазына» АҚ Алғыс хатымен:

Боранбай Өтешов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы;

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасымен:

Талғат Сапарбеков, «Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығы;

Нұрлыбек Салихов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірісті жедел басқару қызметі көлікпен қамту тобының басшысы;

Тобыш Танбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің жүргізушісі;

Марат Саримов, «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Мақат» АЭТ электромонтері.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісімен:

Қайрат Хисметов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы.

«Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен:

Төретай Жоламанов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботахан мұнай және газ өндіру цехының механигі;

Қайрат Мұхашов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының операторы;

Мереке Сабиров, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің жүргізушісі;

Еркебұлан Оспанов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ құрылыс бөлімінің бастығы;

Мұрат Алденов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы;

Болат Өтепов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы;

Данияр Мекебаев, «Ембімұнайгаз» АҚ кеніштік геология және кен орындарын игеру департаментінің директоры;

Мұрат Ахметов, «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілікті қамтамасыз ету департаментінің маманы;

Гауһар Жұмаханова, әлеуметтік саясат және әкімшілікті қамтамасыз ету департаментінің аға маманы;

Күнсұлу Ізмағамбетова, «Ембімұнайгаз» АҚ орталық бухгалтериясының жетекші бухгалтері;

Нұрлыбек Ғұмаров, «Ембімұнайгаз» АҚ құжаттарды қамту тобының жетекші маманы.

«Ембімұнайгаз» АҚ Алғыс хатымен:

Мәди Сарсененов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің слесарь-жөндеушісі;

Асылан Жанбусинов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы;

Нұрлан Мырзашев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің машинисі;

Берік Сүлейменов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің жүргізушісі;

Батырбек Джунусов, «ӨТҚЖЖК» басқармасы өндіріске қызмет көрсету учаскесінің операторы;

Қуандық Айтжанов, «Ембімұнайэнерго» басқармасы электржабдықтарды жөндеу бөлімшесінің бастығы;

Бейімбет Үлкенбаев, «Ембімұнайэнерго» басқармасы қауіпсіздік қызметінің инспекторы;

Әділ Шағилбаев, «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-техникалық департаментінің бас механигі;

Төлеген Базарбеков, «Ембімұнайгаз» АҚ келешектік даму және тәуекелдерді басқару департаменті тәуекелдерді басқару бөлімінің бастығы;

Гүлзада Габдуллина, «Ембімұнайгаз» АҚ қаржы департаменті есептік жүйелер бөлімінің жетекші маманы;

Игорь Чжен, «Ембімұнайгаз» АҚ кеніштік геология және кен орындарын игеру департаментінің жетекші геологы.

Әріптестерімізді марапаттарымен құттықтаймыз!

Құндылық

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Аталған оқу-жаттығу шарасына «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі жетекші маманы Бауыржан Бадылбаев, Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Жасұлан Ақтаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Батыс филиалының директоры Михаил Хагай, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов, оқу-жаттығулары кезінде өртті сөндіруге жауапты «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы Қайнар Қоданов және бас инженері, штаб жетекшісі Нұрлыбек Мұқанов арнайы қатысты.

- Аталған ұңғымада зерттеу цехының операторы жұмыс жасап жатқан кезде ұңғы ысырмасы жабылмай қалып, мұнай бұрқағы атқылап, соңы өртке ұласады. Зардап шеккен адамға көмек көрсетіледі.

Жаттығу белгіленген жоспар бойынша өтті, барлық қызметкерлер біркісідей атсалысқанын ерекше атап өткім келеді. Оқу-жаттығу жиындарының қорытындысы бойынша ұңғыма қасындағы өрт сөндірілді. Істен шыққан ысырма ауыстырылды. Құтқарушылар жедел әрекет етіп, тілсіз жауды ауыздықтап үлгерді, жарақаттанған адамға да дәл уақытында жедел көмек көрсетті, - деді «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі жетекші маманы Бауыржан БАДЫЛБАЕВ өз сөзінде.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ аталған іс-шара пандемия салдарынан болған 2 жылдық үзілістен кейін ұйымдастырылып отырғандығын, мұндай шаралардың апаттық жағдайға дайындықты пысықтау, кемшіліктерді анықтауға септігін тигізетінін жеткізді.



Өңірлік инфрақұрылым

МҰНАЙШЫЛАР САЯБАҚ СЫЙЛАДЫ

Республика күні қарсаңында еліміздің көптеген елді-мекендерінде әлеуметтік нысандар ашылды. Ұлттық мерекенің құрметіне 21 қазан күні Доссор кентінде «Доссор саябағы» ашылды. Бұл саябақ «Ембімұнайгаз» АҚ құрылғанына 100 жыл толуына орай тұрғындарға жасаған сыйы ретінде тапсырылды. Саябақ кенттегі балалардың ойнауына, халықтың демалып тынығуына ыңғайланып салынған болатын.

89,712 млн қаржы жұмсалған құрылыс биылғы жылы шілде айында басталып, қыркүйек айында аяқталған. Саябақ заман талабына сай салынған. Мұнда серуендейтін, демалатын орындар, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары бар. Ашылу салтанатында алғаш боп сөз сөйлеген аудан әкімі Ринат Ибрагимов: «Республика күні қарсаңында екі саябақ ашқалы тұрмыз. Осы жер ауданымыздың ең бір көрікті жеріне айналады деп сенемін. Бұл саябақты халық игілігі үшін тапсырған мекемеге өз атымнан және жергілікті жұртшылық атынан алғысымды білдіремін», - деді.

Келесі боп сөз берілген «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинова: «Өздеріңіз білетіндей, биыл мекемеіміздің ғасырлық тойы. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайшылардың ғана жағдайын ойлап қоймай, жер қойнауын пайдаланушы

компания ретінде сол жердің халқына игі іс жасауды жалғастыра береді. Әлеуметтік нысандарды іске қосып, қайырымдылық шараларын да ұйымдастырып отырады. Саябағымыз жастардың да, қарттардың да бас қосатын орны болуына тілектеспіз», - деп ізгі тілегін білдірді.

Ал, арнайы қонақтардың арасынан сөз берілген ардагер мұнайшы Марат Шайкүнов: «Ембімұнайгаз» АҚ өздерінің 100 жылдық мерейтойын тамаша қылып атап өтуде. Соның жалғасы бүгінгі саябақтың ашылуы деп білемін. Өз басым мектеп бітіргеннен соң бұл мекемеде оператор қызметінен бастап, шебер, цех басшысы, бөлім басшысы болып еңбек етіп, биыл зейнет демалысына қалғаным 10 жыл болған екен. Саябақтың ашылуы балалар жылына тұспа-тұс кеп тұр. «Жақсының бәрі – балаларға» демекші мұнайшыларға рахметімді айтамын» - дегенінен кейін, салтанатты түрде лента қию рәсімі Ринат Хисаұлы мен Гүлбану Әбутәліпқызына жолданды.

Салтанатты рәсімнен кейін, саябақ ішінде кенттегі балабақша тәрбиешілері флешмоб биледі. Бұрын қайырымдылықпен үй әперіп, қажет кезінде мұқтаж жандарға қолұшын созып жүрген мұнайшылардың бұл жақсылығы ауыл тұрғындарын бір қуанып тастады.

«Мақат тынысы» газеті

Форум

ӘЙЕЛ БАСШЫЛАР ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР ӨРІСІН КЕҢЕЙТУ

Өткен аптада Атырауда Қазақстан Республикасы энергетика саласындағы әйелдер үшін «Мүмкіндіктер өрісін кеңейту» атты форум өтті. Оған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Энергетика министрлігі, KazEnergy қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, ТШО, NCOS, SHELL, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг, Қытай ұлттық мұнай компанияларының өкілдері қатысты.



Еліміз бойынша тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде әйел қызметкерлердің ер азаматтармен бар саптан табылып, олардың жан-жақты қалыптасуына, карьера сатысымен көтерілуіне жол ашу, отбасы мен қызмет барысын сәтті ұштастыра білу тағы да басқа жәйттар форум көтерген өзекті мәселенің бірі болды. Онлайн және офлайн форматта өткен форумға Астанадан қосылған мемлекеттік қызметкерлер ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірінші вице-министрі Ахмади Сарбасов, ҚР Энергетика

министрлігінің вице-министрі Жанат Жахметова соңғы 30 жылдағы әйел қызметкерлердің басшылық лауазымдарға тағайындалуы қандай деңгейде, олардың кәсіби маман ретінде бағындырған белестері туралы шолу жасады.

Әйел қызметкерлердің жұмыс барысында теңдігі- өзекті мәселе. Өркениетті елдерде бұл мәселеге ерекше қарайды. Біздің қоғамда гендерлік теңдік қандай деңгейде деген сауалға бірден толыққанды жауап беру әлі ертерек. Алайда, жауапты мамандар 2024 жылға дейін қазақстандық компаниялардағы басшылық құрамындағы әйелдердің үлес салмағын 25 пайызға дейін көтеру назарда тұрғандығын баса айтты.

ТШО компаниясы Бас директорының орынбасары Көңілқош Сүйесінов пен NCOS компаниясының Басқарушы директоры Оливье Лазар бұл мәселе шетелдік кәсіпорындарда әрдайым күн тәртібінде тұратындығын, қол жеткізген



нәтиже де жақсы екендіктерін баса айтты. Мәселен, ТШО-да басшылық қызметтерде еңбек ететін әйелдердің құрамы соңғы жылда 3 пайызға өсіп, бүгінде 30 пайызды құрап отыр.

Аталмыш форумға қатысқан ембілік мұнайшы қыздар да ортаға шығып, өз ойларын көпшіліктің назарына ұсынды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары, басқармадағы «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі Балмаш Жақсыбаева «Жетістік формуласы» форматында болған жарыссөзде өзінің кәсіби маман ретіндегі қол жеткізген табыстары, қарапайым маманнан басшылық қызметке жету жолындағы табандылық, біліктілік қасиеттері жөнінде ой бөліссе,



«Ембімұнайэнерго» басқармасының экономика тобының жетекшісі, басқармадағы «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі Әлия Ахметова, «Ембімұнайгаз» АҚ-дағы «Мұнайшы қыз» клубының қол жеткізген табыстары, алға қойған жұмыс жоспары туралы форумға қатысушылар алдында мол мәлімет берді.

Өзге компаниялардың қыздары да форум көтерген тақырыптың аясында өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Форумға қатысушылар «Кемелденген ел болудың кепілі – саналы ұрпақ» десек, ұрпақ тәрбиесіндегі ананың иығына түсетін жауапкершілік жоғары. Осы жауапкершілік үдерісінен табылу – заман талабы» деген оймен тарқасты.

Ембі-100

АРДАГЕРЛЕР МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойы жалғасуда. Ембі кен орындарын игеру елдегі өнеркәсіптің өзге салаларының, атап айтқанда, мұнай тасымалдау жүйесінің пайда болуына және қалыптасуына себеп болғандығы баршаға аян. Демек, ғасырлық той - көпке ортақ мереке. Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы еліміздегі мұнай құбыры инфрақұрылымындағы ірі кәсіпорын – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Батыс филиалында әр түрлі лауазымдарда ұзақ жылдар еңбек еткен, бүгінде сала ардагерлері Фердинат Мамонов пен Снхчян Саркисті қабылдады.

Қабылдау барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан еліміздің мұнай-газ саласының дамуында мұнай өндірушілермен қатар мұнай тасымалдаушылардың да еңбегі зор екенін атап өтті. Қабылдауға арнайы шақырылған қонақтар отандық мұнай өндіруші компанияның басшылығына алғыс айта отырып, ғасырлық тойдың баршаға ортақ екендігіне зор ықыласпен тоқталды.

«Құрмет» орденінің иегері, ҚР техника ғылымдарының кандидаты, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры болып ұзақ жылдар қызмет еткен Фердинат Абдрахманович Мамонов өзін мұнайшылар әулетінен екенін, атасы, әкесі, анасының қолтаңбасы Ембі өндірісінде сақталғанын зор мақтанышпен айтып өтсе, «Құрмет» орденінің иегері, Магистральды құбыр көлігінің Құрметті қызметкері Снхчян Саркис Седракович бүгінгі таңда өнім беріп отырған Ембі кеніштерінің біразында мұнайшылармен қатар жүріп, бірлесе еңбек еткен кездердегі ұмытылмас сәттерге шолу жасап өтті.

Салтанатты қабылдауда мұнай-газ саласының майталмандары – ардагерлер «Ембімұнайгаз АҚ-на – 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Қабылдау

СПОРТТА ДА, ҚЫЗМЕТТЕ ДЕ АЛДА



Ағымдағы жылдың тамыз айының 8-12 аралығында Атырау облысында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның тобына кіретін компаниялар арасында спартакиада өткен болатын. Спорттың 10 түрінен болған сайысқа еншілес мекемелерден 500-ге тарта әуесқой спортшы қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ-нан аталмыш спорт додасына 48 спортшы қатысып, олардың 24-і жүлделі орындарды иеленген. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан компания намысын биіктерде қорғай білген спортшыларды қабылдап, оған іріктеу кезеңінде жеңіске жеткен 24 спортшы қатысты.

«Біздің ұжымда бұқаралық спортты дамытуға әр кез көңіл бөлініп келеді. Нәтижесінде ұжымда салауатты өмір салтының мәдениеті қалыптасып, спортпен белсенді айналысатын мамандардың қатары көбейді. Күнделікті еңбек пен қоғамдық жұмысты ұштастыра білген сіздерге

алғыс айтамын, -деп атап өтті компания басшысы.

Қабылдау рәсімінде басшылық тарапынан қолдауға ие болып жүрген ембілік спортшылар өздерінің ризашылығын да айта кетті.

- Спорт адамды биік мақсаттарға ұмтылдырады. Бойымызда командада жұмыс істей білу, табандылық сияқты характерді шыңдай түседі-деген «ҚазМұнайГаз» ҰК «АҚ компаниялар тобының арасында өткен «Спартакиада-2022» финалдық кезеңде шахматтан жүлделі 1-орынды иеленген «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек және жалақы бөлімінің аға экономисі Құралай Сағынаева әрдайым қолдау білдіретін басшылыққа барша спортшының ризашылығын жеткізді.



Память



Вот так бывает, кто - то здесь, кого-то нет.
Но самых лучших забирает вечность...

10 ноября этого года нашему папе Гали Нурбаевичу Нурсултанову исполнилось бы 70 лет. В преддверии юбилейной даты, до которой ему не суждено было дожить, вспоминаем папу добрыми словами.

Гали Нурбаевич Нурсултанов родился 10 ноября 1952 года в поселке Доссор. Родители папы, наши дедушка с бабушкой были уважаемыми людьми, внесшими свой вклад в воспитание подрастающего поколения и процветание нефтяной отрасли Атырауской области: Нурбай Ескендилович Нурсултанов по профессии учитель истории, долгое время был директором средней школы имени Абая в поселке Доссор. Участник Великой Отечественной войны, служил в 4-ом Кантемировском гвардейском танковом корпусе, был награжден орденами Красной Звезды, Трудового Красного знамени, Отечественной войны II степени, медалями. Нурбилы Елеуовна Булекбаева более 40 лет проработала бухгалтером, главным бухгалтером НГДУ «Доссорнефть».

В 1969 году после окончания школы им. В.Г.Белинского, папа поступил учиться в Московский институт нефтехимической и газовой промышленности им. И.М.Губкина, который окончил в 1974 году по специальности «Технология и комплексная механизация нефтяных и газовых месторождений», с получением квалификации «Горный инженер».

Трудовую деятельность начал в НГДУ «Узеньнефть» оператором по добыче нефти и газа, затем инженером производственно-технического отдела. В августе 1975 года перевелся на работу мастером участка поддержания пластового давления НГДУ «Жайыкнефть» производственного объединения «Эмбаунайгаз», где проработал до ноября 1985, поднявшись до должности начальника цеха добычи нефти и газа месторождения «Жанаталап».

В 1985 году папу назначают главным инженером НГДУ «Макатнефть», затем заместителем начальника НГДУ «Доссорнефть» по строительству. В 1991-1995 годах он работает начальником НГДУ «Макатнефть». В 1995 году получает назначение на должность начальника нового НГДУ «Кайнарнефть», где он успешно решает вопросы производственно-хозяйственной деятельности управления, выполняет план по добыче нефти, повышает эффективность производства и рост производительности труда коллектива.

В марте 1996 года переводится начальником отдела в ЦИТС АО «Эмбаунайгаз».

С 1999 по 2002 годы работает директором департамента оперативного управления производством АО «Эмбаунайгаз», а с 2002 по 2015 годы - заместителем директора этого же департамента.

Гали Нурсултанов в различные годы проходил стажировку в Москве, Азербайджане, Тюмени, Чехии, Словакии, Японии, Соединенных Штатах Америки.

Общий рабочий стаж папы в нефтяной отрасли составил более 40 лет. Он был высококвалифицированным специалистом с глубоким чувством ответственности и креативным мышлением, умелым организатором нефтяного дела, настоящим профессионалом, имевший уважение и глубокий авторитет среди коллег. Под его непосредственным руководством были подготовлены высококвалифицированные специалисты, работающие в настоящее время в различных компаниях нефтяной промышленности, в том числе и управленцы среднего и высшего звена АО НК «КазМунайГаз».

Папа был человеком с доброй душой, любил жизнь и друзей. Его отличала незаурядная эрудиция, глубокие энциклопедические знания, высокая культура и интеллект.

За самоотверженный труд и весомый вклад в развитие нефтяной промышленности Гали Нурбаевич Нурсултанов был награжден Почетной грамотой Президента Республики Казахстан, нагрудным знаком «Прорва мунайына-50лет», Почетной грамотой АО «РД КазМунайГаз», неоднократно был отмечен грамотами и благодарственными письмами АО НК «КазМунайГаз», акимата Атырауской области, партии «Нур Отан» и т.д. Неоднократно избирался депутатом маслихатов Макатского района и Атырауской области.

В семье папа был всегда для нас с братом Ельжаном примером для подражания, а для внуков Темирлана и Томирис - заботливым дедушкой.

Последние годы он болел ... 20 января 2019 года папы не стало... Он ушел в вечность, но никогда не забудутся его дела, жизнелюбие, открытый характер, доброе отношение к друзьям и коллегам, умение всегда прийти на помощь, благородство и интеллигентность.

Жания Нурсултанова, дочь

ЖИЗНЬ, ДОСТОЙНАЯ ПОДРАЖАНИЯ



Тренинг

«Эффективное командообразование».
Под таким названием был организован тренинг для волонтеров-молодых специалистов АО «Эмбаунайгаз», принявших активное участие в организации и проведении юбилейных мероприятий в честь 100-летия компании.

Столь полезное мероприятие для начинающих нефтяников было организовано при взаимодействии двух департаментов - управления персоналом и оплаты труда, а также социальной политики и административного обеспечения. Тренинг, в котором приняли участие около 60 сотрудников компании, провел международный бизнес-тренер, бизнес-психолог, медиатор Дмитрий Архипов.

Посредством ролевых моментов, выполнения тестовых заданий и практик, обучающиеся развили навыки работы в единой команде. «Это необходимо для того, чтобы все сотрудники компании поняли, как они вместе взаимодействуют, разобравшись в коммуникациях, которые происходят внутри команд. Потому что, команда на сегодняшний день - это главный фактор успеха любой компании», - убежден коуч Д.Архипов.

После завершения тренинга всем его участникам были вручены сертификаты обучения и Почетные грамоты АО «Эмбаунайгаз» за активное участие в общественной жизни компании.



БЫТЬ В ЕДИНОЙ КОМАНДЕ



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgp.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz
И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166
I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.
Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;
Қ.Қасымғалиев - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;
Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;
Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;
Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.